

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің докторанты Пошанов Нұрсұлтан Нұрбайұлының 6D030100-«Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Қоршаған ортаны қорғау саласындағы экологиялық бақылау мен қадағалаудың құқықтық негіздері» тақырыбындағы диссертациялық зерттеу жұмысына ғылыми кеңесші, заң ғылымдарының докторы, профессор Ж.Х. Қосановтың

ШІКІРІ

Докторант Пошанов Нұрсұлтан Нұрбайұлының «Қоршаған ортаны қорғау саласындағы экологиялық бақылау мен қадағалаудың құқықтық негіздері» тақырыбындағы диссертациялық зерттеу жұмысы қазіргі таңдағы өзекті мәселелердің біріне арналған. Диссертациялық зерттеу жұмысы Қазақстан Республикасындағы қоршаған ортаны қорғау саласына жүргізілетін экологиялық бақылау мен қадағалау мәселелерін кешенді түрде зерттеуге арналған. Зерттеу жұмысында экологиялық бақылау мен қадағалау ұғымдарының пайда болуы, экологиялық бақылау мен қадағалау түсінігі және құқықтық мазмұны, экологиялық бақылау мен қадағалау ұғымдарының ара-қатынасы, экологиялық бақылау мен қадағалаудың мемлекеттік басқару функциясы ретіндегі сипаттамасы экологиялық бақылаудың түрлері, мемлекеттік экологиялық бақылау, өндірістік экологиялық бақылау және қоғамдық экологиялық бақылау және оларды жүзеге асыру мәселелері, экологиялық бақылауды жетілдірудің шетелдік тәжірибесі, экологиялық бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың қызметі, мемлекеттік экологиялық бақылауды жетілдірудің ұйымдастырушылық-құқықтық мәселелері қарастырылған. Сондай-ақ, аталған мәселелерге қатысты отандық және шетелдік ғалымдардың тұжырымдарына салыстырмалы талдаулар жасай келе, олардың қол жеткізген маңызды ғылыми көзқарастары, ұстанымдары теориялық және тәжірибелік тұрғысынан қарастырылып, зерделенді.

Зерттеу жұмысының мазмұны, орындалу сапасы және қол жеткізілген нәтижелеріне қарап, оның ереже талаптарына сай жүргізілгендігі жөнінде айтуға толық негіз бар.

Докторант диссертацияның алға қойылған мақсаты мен міндеттерін қисынды түрде бір-бірімен сабақтастыра отырып, жұмыстың мазмұнын толық ашып көрсете білген. Қолданылған дереккөздері мен іргелі ғылыми

енбектерге сүйене отырып, жаңа көзқараспен өз ойларын дәйектеуі зерттеу жұмысының ғылыми құндылығын артыра түседі. Сондай-ақ, экологиялық бақылауды жетілдіруге байланысты шетелдік тәжірибеге сүйене отырып, салыстырмалы тәсілмен жасаған қорытындылары көңілге қонымды.

Зерттеу жұмысының мынадай жаңалықтарын атап көрсетуге болады:

- қол жеткізілген нәтижелердің ғылыми жаңалығы мен маңыздылығы еліміздің тұрақты дамуға көшу жағдайында қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану саласындағы басқарушылық қатынастар теориясын одан әрі дамытуда болып табылады. Сондай-ақ, аталған диссертациялық жұмыс еліміздің тұрақты дамуға көшу жағдайында қоршаған ортаны қорғау саласындағы экологиялық бақылау мен қадағалаудың құқықтық негіздерін кешенді түрде зерттеуге арналған, қазақ тілінде дайындалған алғашқы жұмыстардың бірі деп айтуға болады;

- аталған зерттеу жұмысы – еліміздің тұрақты дамуға көшу жағдайында қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласындағы экологиялық бақылау мен қадағалау жүйесінде орын алуға тиісті өзгерістерді көрсететін, кешенді құқықтық зерттеу болып табылады;

- зерттеу жұмысында экологиялық бақылау түрлері мен оларды жүзеге асыруда кездесетін мәселелер егжей-тегжейлі қарастырылған. Докторлық диссертация қойылатын талаптарға толық сай келеді. Ғылыми жаңалығы мен қорытындылары дәлелді, қорғауға ұсынатын тұжырымдары да негізді, әрі дәйекті. Ізденушінің пікірлері мен ұсыныстарының қолданбалық маңызы жоғары.

Жұмыстың осындай өзіндік ерекшеліктері мен жетістіктерін ескере отырып, Пошанов Нұрсұлтан Нұрбайұлының «Қоршаған ортаны қорғау саласындағы экологиялық бақылау мен қадағалаудың құқықтық негіздері» тақырыбында 6D030100-«Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациялық зерттеу жұмысын ресми қорғауға ұсынамын.

**Ғылыми кеңесші,
ҚР Жоғарғы соты
жанындағы сот төрелігі
академиясының профессоры,
заң ғылымдарының докторы**



Ж.Х. Қосанов
Ж.Х. Қосанов